

ӘОЖ 331.5 (574)

Б.К. Байтуов, Г.О. Абдикерова*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: gulnafis.abdikeroval@kaznu.kz

Қазақстан қоғамының әлеуметтік құрылымындағы жастар: әлеуметтік жағдайы мен мәселелері

Аңдатпа. Қазақстан қоғамының әлеуметтік құрылымындағы жастардың алатын орны мен атқаратын рөлі ерекше. Жастардың демографиялық көңіл-күйі және осы саладағы өзгерістер, демографиялық хал-ахуалға байланысты статистикалық мәліметтер олардың әлеуметтік топ ретіндегі өсу тенденциясын көрсетеді. Қазіргі қоғамдағы модернизациялық өзгерістер жағдайында бұл топтарға қатысты мемлекеттің ұстанып отырған саясаты әлеуметтік тұрғыдан дамуға қолдау көрсетуге бағытталған. Сонымен қатар жастардың денсаулық саласындағы, білім жүйесіндегі және еңбек нарығындағы хал-ахуалы, оларға мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған көмектің түрлері, жүргізіліп отырған жобалардың басты мақсаты әлеуметтік қызмет көрсетумен байланысты. Мақалада қолданылған статистикалық мәліметтер Республика тұрғындарының арасында жастардың алатын орнының қаншалықты деңгейде екенін бейнелейді.

Түйін сөздер: әлеуметтік топ, әлеуметтік құрылым, еңбек нарығы.

Қазақстан жастарының әлеуметтік құрылымдағы өз орны мен рөлі бар. Жастардың еркін әлеуметтік даму құқықтары, өз мүдделеріне, ерекшеліктеріне, қабілеттеріне сәйкес, сондай-ақ қоғам мүдделерін есепке алып отыратын шығармашылық бастамасын іске асыру үшін мүмкіндігінше мемлекет тарапынан жағдайлар жасалынуы аса қажет. Ендеше жастардың қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-демографиялық ахуалына, олардың әлеуметтік дамуына, білім беру жүйесіне, жастардың еңбек нарығындағы жағдайына қысқаша шолу жасап көрелік.

Демографиялық ахуал. Жастар өзіне тән арнайы көзқарастары бар қоғамның ерекше әлеуметтік-демографиялық тобы.

Қазіргі уақытта, қазақстандық жастар қоғамның әлеуметтік-демографиялық құрылымындағы ірі әлеуметтік топтардың қатарына жатады. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтеріне сүйенсек, 2011 жылы жастардың жалпы саны 4 483 285 адамды құрады. Сөйтіп, қазіргі заманғы қазақстандық қоғам құрылымындағы жастар республика тұрғындарының жалпы санынан 27%-ды құрайды.

Жастарды әлеуметтік дамыту мемлекет-

тің маңызды міндеттерінің бірі. Олардың денсаулығын, салауатты өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету, сапалы білім беру, еңбек ету жолдарын ұйымдастыру кезек күттірмейтін мәселелердің қатарына жатады.

Жас ұрпақтың денсаулық жағдайы. Азаматтардың денсаулығын сақтау – мемлекеттің негізгі басым бағыты. Барлық өркениетті елдерде тұрғын халықтың денсаулығы, әсіресе жастардың денсаулығы басты ұлттық құндылық және мемлекеттік саясаттағы басты бағыттардың бірі болып саналады.

Қазіргі уақытта қоғамда жастар арасындағы суицид мәселесінің алдыңғы қатардан орын алғандығын айту қажет. Суицидтің үштен бірін 29 жасқа дейінгі жас ерекшелік топтарының арасынан балалар, жасөспірімдер мен жас адамдар жасайды. 2011 жылы суицидтік өлімдердің жалпы санынан 1286 жағдайы немесе 35,5% -ы 0-29 жастағыларға тиесілі болды.

Социологиялық зерттеудің нәтижесіне сүйенсек, 66% респондент жасөспірімдердің өмірден кетуінің бірден-бір себебі – шарасыздық деп көрсетсе, 15%-ы отбасындағы қаржылық қиыншылықтарды, 2%-ы қатерлі ауруларды, ал 13%-ы ешқандай себептің жоқтығын көрсетеді [1].

Жасөспірімдерге отбасындағы және мектептегі, сондай-ақ құрдастарымен арасындағы қарым-қатынастар ең көп ықпал ететіндігі де белгілі болды.

Дегенмен 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жастардың өлім көрсеткіші алдыңғы жылмен салыстырғанда 198 адамға, 1999 жылмен салыстырғанда 1376 адамға азайған (1999 жылы – 7 665, 2009 – 6 487, 2011 жылдың 1 қаңтарында – 6 289).

Өлім себептері құрылымында оқыс оқиғадан, уланудан және жарақаттан – 3 935 адам, қан айналымы жүйесі ауруларынан – 560, инфекциялық және паразиттік аурулардан – 317, ісіктен – 308, асқазан ауруларынан – 233, тыныс алу ауруларынан – 194 жас адам өмірден кеткен.

Жастар арасында кең таралған аурулардың ішінде қан айналымы жүйесі аурулары, жыныстық жолмен берілетін аурулар, есірткі мен ішімдік қолдану мемлекеттік деңгейде көңіл бөлуді талап етеді.

Есірткіні қолданудың ИТВ-мен қоса таралуы Қазақстан Республикасындағы қоғамдық денсаулықты сақтаудың өзекті мәселесі ретінде қарастырылады. 2009 жылы Қазақстанда 124 400 адам есірткіні инъекциялық жолмен қолданған, ал 29,1% наркологиялық қызмет жүйесінде есірткіден емделген.

2010 жылдың 1 қаңтарында Қазақстанда ИТВ – инфекциясын жұқтырған 13 784 жағдай тіркелсе, оның 760-ы ЖКТБ-дан көз жұмды.

Қазіргі уақытта, есірткінің таралуы жас ұрпақтың өміріне қауіп төндіріп, ақыр соңында барлық халықтың денсаулығына кері ықпалын тигізетіні рас.

Сұрау көрсеткендей, жас қазақстандықтардың көпшілігі (80%) есірткі заттарын пайдаланбайды, ал 10%-ы есірткі қолданатындықтарын жасырмады.

Ішімдік, темекі өнімдерін қолдануға қатысты айтсақ, 16%-ы жиі қолданады (19 жастан бастап, негізінен ерлер), 42%-ы сирек (24-29 жастағылар), 40%-дан аса респондент ешқашан қолданбаған (ең көбі – 19-24 жастағылар, көбінесе әйелдер).

Қазіргі уақытта, «2009-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы нашарлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы үкіметінің 2009 жылғы 27 мамырдағы №784 қаулысы, Қазақстан Республикасында денсаулықты дамытудың «2011-2015 жыл-

дарға арналған Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы премьер-министрінің 2011 жылғы 28 маусымдағы «2011-2015 жылдарға арналған жазғы демалыс кезеңдерінде балаларды сауықтыру демалысы мен бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру туралы» өкімі қолданыста, Денсаулық сақтау министрлігімен «Балаларда ішімдік пен есірткінің алдын алудың арнайы әдістері туралы» бірлескен бұйрық бекітілді.

Жастар білім беру жүйесінде. 2011 жылы Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға, Білім және ғылым министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылып, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, тұрақты экономикалық дамуға арналған сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы адами ресурстарды дамытуға бағытталды.

2011-2012 оқу жылында жалпы күндізгі білім беретін мектептер саны республика бойынша – 7 696, оның ішінде мемлекеттік мектептер – 7 584, мемлекеттік емес мектептер – 112 бірлікті құрады.

2011-2012 оқу жылында жалпы күндізгі білім беретін мектептерде оқитын оқушылар саны 2 516 497 бірлікті құрады, оның ішінде мемлекеттік мектептердегі оқушылар саны – 2 498 893, мемлекеттік емес мектептердегі оқушылар саны – 17 604.

Білім сапасы, ең алдымен, ғылыми-әдістемелік әлеуетпен және педагогикалық кадрлардың сапалы құрамымен анықталады.

2011 жылғы қыркүйектен бастап жалпы білім беретін мектептегі мұғалімдер мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне материалдық ынталандыру мақсатында біліктілік категорияларына қарай қосымша үстемақы мөлшері тағайындалды. Өндірістік оқыту шеберлеріне 100% қосымша үстемақы төлеу енгізілді.

Білім беру қызметінің сапасын жақсарту, педагогтардың кәсіби өсуі үшін педагогикалық шеберлік орталықтары құрылған.

Мұғалім мамандарды ауылдарға тұрақтандыру мақсатында жеке тұрғын үй салуға жер телімдері беріліп, ипотекалық несиеге тұрғын үйлер салынуда. Ал жаңашыл педагогтарға пәтерлер берілетіндігі айтылуда.

Жас мамандар алған біліктіліктеріне сәйкес жүктемемен қамтамасыз етілген. Жас мамандарға

әдістемелік көмек көрсетіліп, олардың тез арада әлеуметтік бейімделуі үшін үздік мектеп мұғалімдері ішінен ұстаздар бекітілді. Сонымен қатар жас мұғалімдердің аудандық, қалалық бірлестігі құрылды. Облыстық педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтында жаңа жұмыс бастаған педагогтарға семинарлар ұйымдастырылып тұрады.

Жергілікті атқару органдарымен ауылдық жерлерде жұмыс істейтін педагогтардың коммуналдық төлемдер шығындарын жабуға бір реттік жәрдемақы бөлінеді. Барлық педагогтар тегін медициналық тексеруден өтеді.

Педагогтардың статусын арттыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру үшін Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылға арналған жоспары әзірленді.

Сонымен қатар жалпы білім беретін мектептердің материалдық-техникалық базасы жыл сайын нығайтылады. Жалпы білім беретін мектептерді компьютерлік техникамен жабдықтау жақсарып, қаржы жергілікті және республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылуда.

2009 жылдан бері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен Ұлттық кредиттік технологиямен қатар жүргізілетін (ECTS) кредиттің еуропалық трансферт жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Халықаралық президенттік «Болашақ» бағдарламасы аясында шетелдерде кадрларды дайындау жүзеге асырылуда.

Бүгінгі таңда «Болашақ» бағдарламасы бойынша 2790 стипендиаттар білім алууда. 2010 жылмен (2279) салыстырғанда білім алушылар саны 511 стипендиатқа өсті. Жоғары білім беру жүйесінде білім беру жұмысын 146 жоғары оқу орны жүзеге асыруда. Онда 629,5 мың студент білім алууда.

2010 жылмен салыстырғанда (620, 4 мың студент) контингент 9, 1 мың студентке артты.

Бүгінгі күні жас азаматтардың кәсіптік білім алуына және білімділік деңгейіне дүниежүзілік қаржы-экономикалық дағдарысы да әсерін тигізуде.

Жастардың еңбек нарығындағы жағдайы. Қазақстан Республикасында еңбек және еңбекпен қамту саласындағы мемлекеттік жастар саясаты жастардың жұмысбастылық бағдарламаларын іске асыру, жастарды қоғамдық жұмыстарға тарту және біліктілігін арттыру мен қайта даярлау курстарында оқыту сияқты жұмыстарды жүргізуге аса мән береді.

Жастардың дұрыс кәсіби бағдарын қалып-

тастыру олардың өздерінің саналы түрде белсенді қатысуына негізделуі тиіс. Алайда көп жағдайда жастар өздерінің айналасындағы адамдардың айтқандарын тындап, өздерінің өмірлік мәселелерін дербес шешуді қажет деп санамайды. Қазақстандық зерттеушілердің жүргізген зерттеулері студенттердің мамандық таңдауына ата-аналарының, отбасының әсерінің зор екендігін (39,1 %) көрсетті [2, 11-б.].

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындары және техникалық-кәсіптік мекемелердің бітірушілерін жұмыспен қамтуда ең көп қолданылып жүрген жоба – «**Жастар тәжірибесі**» жобасы.

Түлектерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында 2009 жылдан бері өңірлерде алған мамандығы бойынша жұмыс орындарында тәжірибеден өту ұйымдастырылады. Сөйтіп, «Жастар тәжірибесі» түлектерді әлеуметтік қорғаудың қосымша шарасына айналды. Оның мақсаты алғашқы жұмыс тәжірибесін, білім мен дағдыларды алу, жұмысқа орналастыруға ықпал ету және еңбек нарығындағы олардың бәсекелестігін арттыру.

Соңғы үш жыл ішінде «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы аясында тұрақты жұмыс орнына 50 000 түлек орналасты.

2011 жылы жастар практикасы «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы мен өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында іске асырылды. Онда аталған шарамен 15,6 мың адамды, оның ішінде «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы (бұдан әрі – БЖК) аясында 9,6 мың адамды қамту қарастырылған.

Бөлінген қаражат көлемі 2 199,5 млн. теңге, оның ішінде БЖК бойынша 1 499 млн. теңге бөлінген.

Жалпы алғанда, 2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдармен жастар тәжірибесін ұйымдастыру үшін 17 094 жұмыс орны құрылды (БЖК бойынша – 12 566 жұмыс орны). Оларға білім беру ұйымдарының 18 026 түлегі жіберілді (БЖК бойынша – 10 604 адам). Жастар тәжірибесі аяқталғаннан кейін 2 155 қатысушы тұрақты жұмысқа орналасты.

2012 жылдан бастап «жастар тәжірибесін» Еңбекпен қамту 2020 бағдарламасының бір бөлшегі ретінде толықтыру жоспарланған. Осы мақсатқа 1,5 млрд. теңге қарастырылды.

Жоғары оқу орындары және техникалық-кәсіптік мекемелердің бітірушілерін жұмыспен қамтудың тағы бір маңызды жобасы «**Ауыл жас-**

тары» жалпыұлттық бастамасы. Ол бірнеше мақсаттан тұрады, ең бастысы ауыл жастарын дамыту үшін жағдайлар жасайды және қолдайды.

Оған мемлекеттің қаншалықты салмақты түрде қарағанын келесі мәліметтерден көруге болады.

«Ауыл жастары» жалпыұлттық бастамасын іске асыруға республикалық жергілікті бюджеттен 2009-2011 жылдарға бөлінген қаржының жалпы сомасы 10 738,10 млн. теңгені құраған (*Анықтама түрінде*: 2009 ж. – 2 806,05 млн. теңге, 2010 ж. – 3 379,37 млн. теңге, 2011 ж. – 4 552,68 млн. теңге.).

Соңғы екі жыл ішінде жас мамандардың тұрғын үй алуы мен көтерме үстемақысына 20 млрд-тан аса теңге бөлінді. Аталған жобаны іске асыру 12 мың жас маманның ауыл игілігіне жұмыс істеуіне мүмкіндік берді.

Аталған қаржы аясында ауылдық жерлерде қалатын жас мамандар үшін бір реткі көтерме жәрдемақы төлеу қарастырылған.

«Ауыл жастары» жалпыұлттық бастамасын іске асыру барысында «Дипломмен ауылға» жастар жобасы өмірге келді. Оның мақсаты – жастарға ауылдағы әлеуметтік сала мамандарын мемлекеттік қолдаудың негізгі идеясын жеткізу. Жобаға тек қана оқу орындарын бітіріп диплом алып келген мамандар ғана емес, ауылға келіп жұмыс істеп жүрген және онда бес жылдан кем емес тұрған еңбек өтілі бар мамандар да қатыса алады.

17 жыл бұрын Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу

туралы тарихи шешім қабылдады. Бұл шешім сонау 1993 жылғы дағдарыс кезінде қабылданған болатын. Оны іске асыру барысында 7000 адам оның стипендианты болды.

«Болашақ» түлектері қауымдастығы мен Халықаралық бағдарламалар орталығы стипендиаттарды жұмысқа орналастыру бағдарламасымен табысты жұмыстар атқаруда. Қарқынды индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асырумен олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктері мол.

Жоғарыда көрсетілгендерді іске асыру жастардың әлеуметтік құрылымдағы орны мен рөлін көтеруге жастардың әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық әлеуетін арттыруға бағытталған шаралардың бірыңғай алгоритмін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тиімді түрде жұмысбастылықпен қамтамасыз ету, өмір сүрудің тұрақты негіздерін қалыптастыру қай қоғам үшін болмасын маңызды және қиын міндеттердің бірі болып табылады. Жұмысбастылық және табыс – бұл тек қана экономикалық қажеттілік емес, сонымен қатар жастарды қоғамдық өмірге қатыстырудың тәсілі, олардың тұлғасын қалыптастырудың бастамасы болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 www.statistica.kz
- 2 Маульшариф М. Анализ социальной самоидентификации студента (Материалы социологических исследований). – Алматы, 2004. – 30 с.

Б.К. Байтуов, Г.О. Абдикерова

Молодежь в социальной структуре казахстанского общества: социальное положение и проблемы

Молодежь занимает особое место в социальной структуре казахстанского общества. Коренные изменения, происходящие в демографической сфере общества, социальное настроение молодежи, а также статистическая информация относительно роста населения отражает тенденции развития и роста молодежи как социальной группы. Политика государства в условиях модернизации общества направлена на поддержание социального развития этой группы. Основные виды социальной помощи, оказываемой государством молодежи – главная цель социальных проектов в сфере здравоохранения, образования и рынка труда, связана с осуществлением социальной функции. Статистическая информация показывает место, занимаемое молодежью среди других жителей республики.

Ключевые слова: социальная группа, социальная структура, рынок труда.

B.K. Baytuov, G.O. Abdikerova

Youth in social structure of the Kazakhstan society: social status and problems

The youth takes a special place in social structure of the Kazakhstan society. The basic changes occurring in the demographic sphere of society, social mood of youth, and also statistical information concerning growth of the population reflects tendencies of development and youth growth as social group. The policy of the state in the conditions of modernization of society is directed on maintenance of social development of this group. Main types of the social help, rendered by the youth state, the main goal of social projects in the sphere of health care, education and a labor market is connected with implementation of social function. Statistical information shows a place occupied by youth among other inhabitants of the republic.

Keywords: social group, social structure, labor market.